

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 36-170 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 28 сәуірде N 2-12-146 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 тамыздағы N 9-45 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2012.08.20 N 9-45 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабындағы 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне" сәйкес, сондай ақ аудан әкімінің 2010 жылғы 11 наурыздағы N 2-10-176 өтініш хатының негізінде Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

В. Ли

Мәслихат хатшысы:

М. Рақымбаев

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қаратал аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"*

бастығы:

2010 жылғы 16 сәуір

Қаратал	аудандық	мәслихатының
2010	жылдың	16 сәуіріндегі
N	36 - 170	"Аз қамтамасыз
етілген	отбасыларға	(азаматтарға)
тұрғын	үй көмегін	көрсетудің
мөлшері	және	тәртібін
айқындау	туралы"	шешіміне
қосымша		

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі

Осы Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін беру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысымен бекітілген "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне" сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 шекті жол берілетін шығыстар үлесі – отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығындардың рұқсат етілген шекті деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық табысына пайызбен қатынасы;
 отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы с о м а с ы ;

кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін күтіп

ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға; уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы.

учаскелік комиссия – тұрғын үй көмегін алуға өтініш жасаған отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытынды дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

2. Тұрғын үй көмегі халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

3. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі (жалдаушысы) болып табылатын немесе тіркелген мекен-жайда тұрақты тұратын, егер де учаскелік комиссияның қорытынды актісінде көрсетіліп, расталған болса табысы аз отбасыларына (азаматтарға) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шегінен себетінің құнының төмен болған жағдайда жергілікті бюджетінің есебінен жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

4. Тұрғын үй көмегі тұрмыстық-коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің шығындары белгіленген әлеуметтік нормалары мен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің шегінде отбасы бюджетіндегі оның жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тағайындалады.

5. Тұрғын үй көмегінің мөлшері үй иесінің (жалгерлік) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыс деңгейінің айырымы р е т і н д е е с е п т е л е д і .

6. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үйін жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

7. Тұрғын үй көмегін алу құқығы алушы өтініш иесі қажетті құжаттарын тапсырған тоқсаннан басталады. Тұрғын үй көмегі тоқсанға төленеді.

8. Аудандық телекоммуникация желісінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу (бұдан әрі - телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу) - коммуналдық қызметтерді тұтынуға төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу шығындарын өтеуге арналған және қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін ақшалай өтемақы.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі

9. Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және "Аудандық, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылары тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ, оның ішіне 55 жасқа толған әйелдер және 60 жасқа толған еркектер, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерді және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды күтетіндер, басқаның күтімін керек ететін 80 жастан асқан тұлғаларға күтім жасайтындар және 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатындар, сондай-ақ бір айдан астам уақыт бойы ауруханалық емдеуде жүрген адамдар, әлеуметтік тұрғыдан маңызды немесе айналасындағы адамдарға қатер төндіретін ауруы бар ауруханалық немесе емханалық емдеуде жүрген денсаулық сақтау мекемесінде есепте тұрған адамдар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар кірмейді. Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында есептелмейді.

10. Жұмыссыздар ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айырылады.

11. Тұрғын үй көмегіне өтінген кезде коммуналдық қызмет ақысы үшін берешектері бар отбасыларына, қарыздарына қарамастан, есепке тіркеген сәттен бастап ағымды төлемдерді тұрақты төлеу шартымен тұрғын үй жәрдемақылары т а ғ а й ы н д а л а д ы .

12. Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны рәсімдеу үшін өтінішімен қоса уәкілетті органға немесе ауылдық, селолық округтің әкіміне төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басының куәлігі (жылына бір рет келесі жылдық қайта аттестаттау немесе қандай да өзгерістер болған жағдайда);

2) азаматтарды тіркеу кітабы (жылына бір рет немесе қандай да болса өзгерістер болғанда) немесе тұрғылықты жерінен анықтама;

3) отбасының барлық мүшелерінің кірісі туралы анықтама (өткен тоқсанға);

4) электр жүйесінің, су жүйесінің, телефонның абоненттік төлем ақыларының түбіртектерін (ағымдағы тоқсанның өткен айының);

5) жеке меншік шаруашылықтары бар екендігі жайлы мәліметтер (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда);

6) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (жылына бір рет немесе өзгерістер б о л ғ а н д а) .

13. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған табыстың мынадай түрлері есепке алынады:

1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;

2) он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік

ж ә р д е м а қ ы ;

3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі т а б ы с ;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтың кірісі тоқсанына-қалалық жерде тұратындарға- бес айлық есептік көрсеткіш, ауылдық жерлерде тұратындарға- алты айлық есептік көрсеткіш ретінде алынады;

5) өзге де табыс, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

14. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй көмегі;

3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек.

6) оқушыларды тегін тамақтандыру, жалпыға бірдей оқыту қорынан берілетін көмектер және азық-түлік бағаларының қымбаттауына байланысты әлеуметтік әлжуаз топтарға көрсетілген көмектер;

7) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға немесе жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса осы факті анықталған тоқсандағы, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып е с е п т е л е д і ;

8) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

15. Ауылдық округтің әкімі өтініш берушілердің құжаттарын өтініш берушіден құжаттар қабылданған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға тапсырады .

16. Уәкілетті орган қажетті құжаттарымен бірге өтініш келіп түскен күннен бастап он күн ішінде оларды қарайды және тұрғын үй көмегі тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

17. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй жәрдемақысын берудің негізі б о л ы п т а б ы л а д ы .

18. Уәкілетті орган тиісті шешім шығарғаннан кейін бұл туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

19. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі құжаттарды қабылдап алғаннан кейін,

қажеттілігіне қарай учаскелік комиссияларға тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізуді жазбаша тапсырады.

20. Учаскелік комиссия жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша отбасының материалдық жағдайы туралы акт жасайды және отбасының мұқтаждығы туралы қорытындыны тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға немесе ауылдық округтің әкіміне ұсынады.

21. Тапсырылған құжаттардың қорытындысы бойынша уәкілетті орган отбасына түбіртек-ескерту береді, оған тұрғын үй көмегінің есептелуі енгізіледі және қайта аттестаттаудан өтетін күні белгіленеді. Түбіртек-ескертуге отбасы өкілінің немесе отбасының атынан сөйлейтін тұлға және құжаттарды қабылдайтын тұлғаның қолдары қойылады.

22. Өтініш берушінің уәкілетті органның әрекетіне және шешіміне жоғары тұрған уәкілетті органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

23. Тұрғын үй көмегін алушылар 15 күн ішінде уәкілетті органға отбасы құрамының және оның жиынтық табыстарының өзгеруі туралы хабарлауы керек.

24. Берілген ақпараттың дұрыстығы туралы күмән пайда болған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындайтын уәкілетті орган отбасы мүшелерінің тұрғылықты жерлері, табыстары туралы қажетті ақпаратты тиісті орындардан сұрап алуға, тексеруге құқығы бар.

25. Заңды және жеке тұлғалар шындық ақпарат беруіне міндетті. Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Тұрғын үй қызметіне алдын ала жалған мәліметтер берген үшін меншік үйдің иесі (немесе жалгерлер) құқықсыз алған сомасын өз еркімен, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтарады.

26. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тұрғын үй көмектің тағайындалуы мен оны төлеуді ұйымдастырудың дұрыстығы үшін жауапты болады.

3. Учаскелік комиссиялар

27. Учаскелік комиссиялар уәкілетті органдарға және ауылдық округ әкімдеріне тұрғын үй көмек көрсету жөніндегі қызметте жәрдемдеседі.

Учаскелік комиссиялар тұрғын үй көмек берудің қажеттілігі туралы қорытындылар әзірлейді.

28. Учаскелік комиссиялар жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерінің, халықтың, ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау

органдарының қызметкерлерінен құрылуы мүмкін.

29. Участкелік комиссиялар өз қызметін Қаратал ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 27 "Қала және ауылдық округтеріндегі бұрын құрылған участкелік комиссияларға қосымша тапсырма беру туралы" қаулысы шегінде жүзеге асырады.

4. Тұрғын үй көмегін есептеудегі нормалар

30. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі нормалар қабылданады:

1) газ тұтыну - 1 айға 1 кішкентай баллон;

2) электр жүйесін қолдану;

1 адамға – 45 киловатт;

2 адамға - 90 киловатт;

3 адамға – 135 киловатт;

4 және одан көп адамнан тұратын отбасына – 150 киловатт.

3) сумен қамтамасыз ету нормасын қызмет берушілер ұсынады.

4) от жағу маусымына жылына бір рет, үшінші немесе төртінші тоқсанда – 4 тонна көмір. (1 тонна көмірдің бағасы 7000 теңге).

5. Тұрғын үй көмегін төлеу

31. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган жергілікті өкілді органдар айқындаған тәртіппен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.